

**Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының
докторанты Бакеева Мадина Кайратжановнаның
6D040600- Режиссура мамандығы бойынша философия
докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған
«Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы
режиссура генезисі мен даму перспективалары»
атты диссертациясына жазылған**

ІШКІР

Тақырып: «Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы режиссура генезисі мен даму перспективалары»

Жұмыстың көлемі мен мазмұны: Диссертациялық жұмыс Кіріспе, үш тараудан, төрт тараушадан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Текст көлемі 122 бет.

Алынған тақырыптың өзектілігі: Қазақ телевизиясындағы заманауи контентті режиссураның тарихи - салыстырмалы зерттеу әдістері арқылы телевизиялық кеңістікте орын алып жатқан жаһандық тенденцияларға сай сәйкестендіру, сапасын арттыру, дамыту перспективалары ағымдағы зерттеудің негізгі нысаны болып табылады. Оның айқын көрінісі технологиялық даму үдерістері мен шығармашылық тәсілдерді тиімді қолдану нәтижесінде көрнекті аудиовизуалды жобалардан табылуда. Ұлттық телеарналарда сапалы контентті көрерменге жеткізу үшін жаһандық тенденцияларға сай отандық эфирлердегі режиссураны модернизациялау өзекті мәселелердің бірі.

Жұмыстың жаңалығы: Әлемдік телережиссураның генезисі мен даму кезеңдері сарапталып, терминінің негізгі сипаттық белгілері анықтады. Контент ұғымының белгілері айқындалып, оның әлемдік телевизия ғылымындағы негізгі тұжырымдамалары жүйеленген. Масс-медиа зерттеулеріндегі телережиссураның теориялық негіздері анықталған.

Әлемдік телережиссураның заманауи контент құру үрдістері тұңғыш рет қарастырылған. Отандық телеарналардағы режиссура әдістерінің сапалы контент қалыптастыруына және дамуына сараптамалық талдау жүргізіліп, ғылыми - жүйелі тұрғыда айқындалған. Телеарналардағы заманауи контент құрудың үдерісін қарастыра отырып, оның перспективалары анықталған.

Қазақстандық телеарналардағы ұлттық контент құрудың өзекті мәселелері зерттеліп, мәдени - сараптау әдістері арқылы оны шешудің тың жобалары ұсынылған. Медиа продакшн кеңістігіндегі заманауи технологияны қолданудың теориялық аспектілері алғаш рет талданған. Жаһандану үдерісіндегі отандық телеконтенттің тақырыптық-шығармашылық даму перспективалары айқындалған. Экрандық

платформалар контекстіндегі ұлттық медиа контентін қалыптастыру зерттеу пәні ретінде алғаш рет қарастырылған.

Зерттеудегі мәселенің шешімі мен зерттеменің түйіндеу деңгейі: Отандық экран өнері салаларының маңызды құрамына саналатын кино мен телевизия ұштасып келе жатқанына жарты ғасырдан асты. Телевизия өнерінің түп атасы – кино. Ең ауқымдысы, - телевизия құрылымында негізгі рольді кадр ұғымы анықтайды. Ал өз тарапында кадр оны қалыптастырушы режиссураға тәуелді. Сондықтан режиссураға аса үлкен мән берілген. Кез келген контенттік негіздің түбінде режиссерлық тәсілдер арқылы көркемдік көрініс табатын шешімдер жататыны зерттеледі.

Жаһандану құбылысы әлемді ең нәтижелі құралдың бірі - дыбыстыкөріністі өнердің көмегімен жаулап алуды мақсат тұтады. Бұл құбылыстың отандық медиа кеңістігіне кіріп бара жатқанын отандық эфирдің шет ел контенттерімен толығыуынан айқын байқалады. Өткен кезең ұмыт болып, жаңа форматтағы бағдарламалар жарық көру мәселелері артуда.

Экрандық өнер салаларының тарихи даму сатысы телевизиялық тұңғыш эфирдің қарқынды дамуына үлкен септігін тигізіп отыр. Технологиялық даму құбылыстары ХХІ ғасырда жетік меңгеріліп, өзектілігін жоймаған телевизиялық көне, тың дүниелерді қайта жаңғыртуға, жаңашалауға, модернизациялауға жана перспективалар ұсынылған.

Өзге елдер мен отандық эфирлік контенттері салыстырмалы түрде қарастырылып, олардың байланысы зерттеледі. Ал эфирлік алаңға жаңадан қосылып жатқан стримингтік платформалар күннен күнге артып, контенттің жаңа үлгілерін ұсынып келеді.

Қорытынды: Рецензияға ұсынылып отырылған «Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы режиссура генезисі мен даму перспективалары» атты жұмыс докторант М.Қ.Бакееваның философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуына лайықты жазылған деп санаймын.

Пікір білдіруші:

**Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА,
«Экрандық өнер режиссурасы»
кафедрасы профессоры,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері**

**Абильдина
Гайнижамал Байкаримовна**

gainijamal_ulitau@mail.ru

